



БҰЙРЫҚ

16.11.2018 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 236-МК

город Астана

Технологиялық карталарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 2 наурыздағы № 128 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 12-тармағының 36) тармақшасына және «Баға белгілеу және сметалар бойынша нормативтік-техникалық құжаттарды мақұлдау туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Ғылыми-техникалық кеңесінің 2018 жылғы 15 қарашадағы №11-1 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Даярланған жабындық конструкциялар бойынша ауа саңылауы бар екі қабатты полимерлік жарғақшадан шатыр жабынын орнатуға арналған технологиялық карта;

2) Көпірлердің аралық құрылыстарында деформациялық жіктер орнату бойынша технологиялық карта;

3) Полиэфирлік жіппен тігілген геоторларын қолдана отырып, автомобиль жолдарының негіздерін орнатуға арналған технологиялық карта;

4) Жасанды гидротехникалық құрылыстардың сүзгілеуге қарсы экрандарын және қалыңдығы 1,5 мм-ге дейін геожарғақшаларды қолдана отырып қоқыс жинауыштарды орнатуға арналған технологиялық карта;

5) Автомобиль жолдарында жарықдиодты индикация жүйесін орнатуға арналған технологиялық карта;

6) Әйнек талшықтарынан жасалған геоторлармен асфальтбетонды жабынды арматуралауға арналған технологиялық карта;

7) Алдын ала оқшаулағыш құбырларын жүргізу кезінде терминалдарды және коверлерді монтаждауға арналған технологиялық карта;

8) Инъекциясыз тәсілмен терең кіру құрамдарымен монолитті, құрама бетон және темірбетон конструкцияларын гидроокшаулау бойынша технологиялық карта бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың ресми интернет-ресурста орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасының салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



М. Жайымбетов

№ 236-МГ от 16.11.2018 г.

Об утверждении технологических карт

В соответствии с подпункта 36) пункта 12 Положения республиканского государственного учреждения «Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан», утвержденного приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 2 марта 2017 года № 128, постановлением Научно-технического совета Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 15 ноября 2018 года № 11-1 «Об одобрении нормативно-технических документов по ценообразованию и сметам» **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить и ввести в действие прилагаемые:
 - 1) Технологическая карта на устройство кровельного покрытия из двухслойной полимерной мембраны с воздушным зазором по подготовленным кровельным конструкциям;
 - 2) Технологическая карта по устройству деформационных швов на пролетных строениях мостов;
 - 3) Технологическая карта на устройство оснований автомобильных дорог с применением полиэфирных нитепрошивных геосеток;
 - 4) Технологическая карта на устройство противоточного экрана искусственных гидротехнических сооружений и накопителей отходов с применением полимерных геомембран толщиной до 1,5 мм;
 - 5) Технологическая карта на устройство системы светодиодной индикации на автомобильных дорогах;
 - 6) Технологическая карта на армирование асфальтобетонного покрытия геосетками из стекловолокна;
 - 7) Технологическая карта на монтаж терминалов и коверов при прокладке предварительно изолированных труб;
 - 8) Технологическая карта по гидроизоляции монолитных, сборных бетонных и железобетонных конструкций составами глубокого проникновения безинъекционным способом.

2. Управлению сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан (далее – Комитет) в установленном законодательством порядке обеспечить размещение настоящего приказа на официальном интернет-ресурсе Комитета.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего заместителя председателя Комитета.

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Председатель



М. Жайымбетов